

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режиміне теріс әсер ететін шаруашылық қызметтер мен тиісті аумақтарды белгілеу туралы" 2010 жылғы 25 ақпанды № 31 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 65 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 мамырда № 3080 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 54 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.03.2025 № 54 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Зандарын басшылыққа ала отырып, ерекше табиғи кешендерді сақтау, қалпына келтіру және одан әрі дамыту мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режиміне теріс әсер ететін шаруашылық қызметтер мен тиісті аумақтарды белгілеу туралы" 2010 жылғы 25 ақпанды № 31 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3039 тіркелген, 2010 жылғы 6 сәуірдегі "Орал өнірі" газетінің № 37 жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулы қосымшасының 7-тармағында:

1) "Жергілікті маңызы бар "Орда" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін ландшафтты табиғат ескерткіші" сөздері "Жергілікті маңызы бар "Орда" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік ботаникалық табиғи қаумалы" сөздеріне ауыстырылсын;

2) "Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: тас, қырышық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, үңгірлерді бұлдіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бұлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер" сөздері "Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін

немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер" сөздеріне ауыстырылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындаитын қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. F. Салықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Hoғaev

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК